БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

26.03.2021-ғы № 51

_____№_____

Орал қаласы

город Уральск

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы №19 «Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә.А.Смайыловтың 2021 жылғы 17 наурыздағы Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру мәселесі бойынша хаттамалық тапсырмасына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы №19 «Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» қаулысымен (облыс әкімдігінің 2021 жылғы 19 наурыздағы №47 қаулысымен енгізілген өзгерісті қоса) бекітілген Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесінде 1-жолдың «Іске асыру мерзімі» деген 4-бағанындағы «2025» деген сан «2024» деген санмен ауыстырылсын.

2. «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Н. М. Есенғалиев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары А. А. Нұралиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі **Ғ. Есқалиев**

26.03.2021